СЕНІМ ШЫҢЫ

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

+77028351356, +77755115484

senim-shyny@mail.ru

Атырау қ, мкр.Өркен, С.Шореева көшесі, №90-г

Тапсырыс беруші **"Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"**

Кімнен:

«Сенім Шыңы» қоғамдық бірлестігі

БСН 181 140 002 502

ШАҒЫМ

Мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қатысты

1. **Сатып алу туралы мәліметтер:**
   Веб-порталдағы хабарландыру нөмірі **16511055-ГС32,** лот нөмірі 82601038-ГС31,
   Хаттама жарияланған күні: 19.03.2026.
2. **Шағымның мәні және негіздемесі:**

Бірінші мәселе (жұмыс тәжірибесі бойынша балл қатесі):

Конкурстық құжаттаманың 7 бөліміне сәйкес, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі бойынша баллдар келесі шкала бойынша есептеледі:

- 2 жылдан 5 жылға дейін — 6 балл;
- 5 жылдан 8 жылға дейін (қоса алғанда) — 7 балл.

Біз ұсынған құжаттар бойынша жұмыс тәжірбиеміз 5 жыл мен 8 жылды қоса алғанда (жалпы немесе ұқсас шарттар бойынша) 7 баллға сәйкес келеді. Алайда, конкурстық комиссия оны «2 жылдан 5 жылға дейін» деп бағалап, тек 6 балл қойған. Бұл 1 баллды заңсыз азайту болып табылады және шартты баға ұсынысын қате есептеуге әкелді (ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабы және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 114-тармағына қайшы)

Екінші мәселе (филиалдың тәжірибесін заңсыз қосу):

Комиссия "Атырау облыстық мүгедектігі бар жандардың қоғамы" қоғамдық бірлестігі ұсынған 2018, 2020, 2022 жылдар "Атырау облыстық мүгедектер қоғамы" ҚБ-нің Мақат аудандық филиалы **филиалдың** жұмыс тәжірибесін головной компанияға қосып есептеді. Бірақ филиалдың БИН-ы 970341001163 головнойдың БИН-ы 911240001611 нан **бөлек** (әртүрлі заңды тұлғалар).

Мемлекеттік сатып алу қағидалары бойынша тәжірибе тек әлеуетті өнім берушінің **өзінің** (бір БИН бойынша) есептеледі. Әртүрлі БИН-ы бар екі заңды тұлғаның тәжірибесін қосуға тыйым салынады (тек қайта ұйымдастыру — қосылу/бірігу жағдайында ғана мүмкін, ал мұнда ол жоқ).

Бұл **филиал** болса да (БИН бірдей болуы тиіс), бірақ БИН-ы бөлек болғандықтан — бұл басқа заңды тұлға. Сондықтан комиссияның әрекеті ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 80-тармағына және жұмыс тәжірибесінің тізілімі қағидаларына қайшы.

Үшінші мәселе (техникалық-спецификациялық талаптарға сәйкессіздік):

"Атырау облыстық мүгедектігі бар жандардың қоғамы" қоғамдық бірлестігі ұсынған өтінім конкурстық құжаттаманың **техникалық ерекшелігінің** «Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі» (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес, ҚР Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бөліміне **сай келмейді**.

Комиссия осы критерий бойынша **9-бағанда 0 балл** қойған. Бұл техникалық талапқа сәйкессіздік болғандықтан өтінімді **конкурсқа өткізбеу** керек еді.

Сонымен қатар:

- 9 бағанда 0 балл расталған;
- басқа бөлімдер бойынша 4 және 6 балл қойып, жалпы 6-мен өткізген (504, 611, 502). Бұл ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабына (өтінімдерді қарау), 9-бабына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына тікелей қайшы.

Төртінші мәселе (мемлекеттік тіркеу анықтамасының ескіруі және актуалды құжаттың жоқтығы):

"Атырау облыстық мүгедектігі бар жандардың қоғамы" қоғамдық бірлестігі ұсынған өтінімде **мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (госрегистрация справкасы)** 28.02.2024 жылғы **ескі нұсқамен** ұсынылған. Сонымен қатар 19.12.2024 жылы құрылтайшылар құрамын өзгерту туралы протокол салған. Алайда **актуалды (жаңартылған) мемлекеттік тіркеу анықтамасы** мүлдем ұсынылмаған.

Бұл конкурстық құжаттаманың міндетті талабына қайшы, өйткені өзгерістер енгізілгеннен кейін жаңа справка (егов немесе Әділет органынан) қажет. Ескі құжат + протокол жеткіліксіз. Комиссия бұл өтінімді қабылдамауы және конкурсқа жібермеуі керек еді. Бұл ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабына, 9-бабына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына тікелей қайшы.

Региональное общественное объединение "Дети будущее страны" ұсынған өтінімде **мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (госрегистрация справкасы)** мүлдем ұсынылмаған. Бұл конкурстық құжаттаманың міндетті талабы болып табылады 3.18.1 талаптар бөлімі. Комиссия бұл өтінімді қабылдамауы және конкурсқа жібермеуі керек еді. Бұл ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабына (өтінімдерді қарау тәртібі), 9-бабына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына тікелей қайшы.

Бесінші мәселе (учредительный құжаттардың мүлдем жоқтығы):

"Атырау облыстық мүгедектігі бар жандардың қоғамы" қоғамдық бірлестігі және Региональное общественное объединение "Дети будущее страны" ұсынған өтінімде **құрылтайшылар құжаттары мүлдем ұсынылмаған**. Бұл конкурстық құжаттаманың міндетті талабы болып табылады. Комиссия бұл өтінімді қабылдамауы және конкурсқа жібермеуі керек еді. Бұл ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабына, 9-бабына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына тікелей қайшы.

Алтыншы мәселе (НПО базасына тіркеу критерийі бойынша заңсыз 2 балл):

Региональное общественное объединение "Дети будущее страны" ұсынған өтінімде **Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер** критерийі бойынша **2025 жылғы НПО есебі (отчет)** мүлдем тапсырылмаған. Комиссия оған **2 балл** қойған, бірақ есептің мерзімі 31.03.2026-ға дейін. Өтінім берген кезде (18.03.2026) базадағы актуалды тіркеу расталмаған. Бұл міндетті талапқа қайшы — есеп тапсырылмаған кезде 2 балл беру мүмкін емес. Бұл ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабына, 9-бабына және Қағидаларға тікелей қайшы.

Осы алты заң бұзушылықтан шартты баға ұсынысы дұрыс есептелмеді, менің құқықтарым бұзылды.

Осы **алты заң бұзушылық** нәтижесінде хаттама заңсыз.

3. **Талаптарым:**

- Шағымды **толық қанағаттандыру**;
- Баллдарды қайта есептеу;
- Филиал тәжірибесін алып тастау;
- "Атырау облыстық мүгедектігі бар жандардың қоғамы" қоғамдық бірлестігі және Региональное общественное объединение "Дети будущее страны"өтінімін **алты мәселе бойынша** (0 балл, ескі справка, учредительный жоқ, НПО базасы + 2025 есебі жоқ) қабылдамау;
- **Хаттаманы жарамсыз деп тану және толық жою**;
- **Шағым қаралғанша және сотқа бергенше сатып алу рәсімін, хаттаманы орындауды және шарт жасасуды тоқтата тұру;**
- Конкурс нәтижесін жою және жаңа хаттама шығару.

Күні: 20.03.2026

«СЕНІМ ШЫҢЫ» ҚБ төрайымы: **Утегалиева М.К**

«Сенім шыңы» УТЕГАЛИЕВА М.К.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ ГОРОД АТЫРАУ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН